

## «Жаңғыру кілті- білімде»

2018-ші жылдың 16-шы сәуір күні М.Тынышбаев атындағы Алматы көлік колледжінде 1 курс студенттері арасында «Жаңғыру кілті-білімде» атты сайыс өткізілді.

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Осы орайда Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзі еске түспеске болмас.

Біздің колледжімізде өткізілген сайыс Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының жарияланғанына бір жыл толуына байланысты. «Жаңғыру кілті-білімде» көркем - шығармашылық сайысы 4 негізгі бағыт бойынша өткізілді.

16 апреля 2018 года в Алматинском транспортном колледже КазАТК им.М.Тынышпаева среди студентов 1-го курса был проведен творческий фестиваль «Жаңғыру кілті-білімде», посвященный годовщине выпуска статьи Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева.

Родина каждого человека является священным. Много веков понадобилось нашим предкам, чтобы заселить, освоить, защитить её от врагов и передать в наследство нам, ныне живущим. Сколько труда, пота и крови, радости и страданий выпало на долю минувших поколений. Поэтическое наследие нашего народа содержит немало завораживающих картин красоты родной земли, её безбрежных просторов, белоснежных громад гор, лазурных гладей озёр...

По положению фестиваль проводился в 4 этапа:

The 16th of April in 2018 year in Transport college named after Tynyshbaev conducted among the students contest which named «The revival key is knowledge». Motherland is a sacred place in our life. As a said the artist of Alash Zhusupbek Aimauytov: «Who knows if there is a people who knows the dearest of the native land, looking for a science». Our contest conducted depends «future orientation: The revival key is – knowledge» artistic competition competition 4 main directions.



**I бөлім Фото - коллаж шығармашылық сайысы**  
(Бейнеролик немесе фотослайд арқылы көрсету)

**I этап: Фото-коллаж**  
(подготовить видеоролик или фотослайд)  
**Part I photo collage competition creativity**  
(To show by video or photo slideshow)



**II бөлім Ән байқауы**

(Аспаптың сүйемелдеуімен, музыкалық (-) пен орындау, фонограммасыз акапелла форматында орындау)

**II этап: Конкурс песни**

(вокальное исполнение в сопровождении музыкальных инструментов, исполнение с (-), исполнение акапелла )

**Part II Song competition**

(Performing musical and performing soundtrack with acapella in a format supported by the instrument)



**III бөлім Би байқауы**  
(Ұлттық - патриоттық бағытта)

**III этап: Конкурс танцев**  
(Выступление в национально-патриотическом направлении)

**Part III Dance competition**  
(ational patriotic orientation)



**IV бөлім «Жаңғыру кілті білімде» атты эстрадалық - театрландырылған байқау**

**IV этап: Эстрадно-театрализованный конкурс**  
(в период 10 минут студенты показывают инсценировку в сопровождении с музыкой)

**IV «The revival key is – knowledge»- variety theatrical competition**

Сайысымыздың басты дiттеген мақсатын айта кететiн болсақ өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыру, патриотизмге баулу. Жастардың мәдени-рухани дамуына, бiлiм мен тәрбиесiне, шығармашылық жағдай жасап алға ұмтылуларына мүмкiншiлiк сыйлау! Дәл осы сыйланып отырған бүгiнгi мүмкiндiктерге өздерiнiң сынын айтып,сапасын саралайтын әдiлқазы алқалары ортамыздан табылды. Сайыс барысында студенттерiмiздiң өз жұмыстарында байқаудың тақырыбына сәйкестiгiне, мазмұндылығына, руханилығына, әуендiлiгiне, төзiмдiлiгiне, патриоттылығына, орындаушылық өнерiнiң деңгейiне, белгiленген уақытты сақтау ережесiне әдiлқазы алқалары бағалау кезiнде осындай белгiлi талаптарға жүгiндi.

Целью и задачей фестиваля является: воспитать у подростоающего поколения бережного отношения к духовным ценностям, привитие чувства патриотизма. Возможность студентам проявить свои творческие способности. Развить в них культурно-духовные чувства путем студенческих фестивалей и конкурсов.

Оценивали конкурс – фестиваль жюри из состава преподавателей – историков, филологов и руководства колледжа. Основным критерием оценок послужило придерживание тематики фестиваля, содержательности, духовности, благозвучие, патриотичности, уровня исполнения номера, артистичности, придерживание, установленного времени.

The main purpose of our competition is to form the spiritual values of the generation, to embrace patriotism. To give a chance to cultural and spiritual development, education and upbringing of young people. There were criticisms and criticisms of judges. During the competition, the students applied these specific requirements when evaluating the validity of their content in their work on content, spirituality, patriotism, and timeliness of compliance with the topic.



Топ жетекшілері өз топтарымен сайысқа белсене ат салысып, студенттер тақырыпқа сай өз өнерлерін ортаға сала білді. Әділқазылар алқасы жұмыстарға баға берді, сайыста жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломмен марапатталды. Жастардың шығармашылығына қолдау көрсетіп және өз ісін кәсіби деңгейде атқарғаны үшін топ жетекшілеріміз де марапатталды. Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кер тартпа тұстарынан бас тарту керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту. Ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық

жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ.

Кураторы групп на высшем уровне подготовили участников фестиваля. Участники глубоко через призму своего сознания провели важность сохранения наследия Казахстана. Песенный конкурс удивил своей многообразностью исполнения: пение соло, дуэтом, акапелло, под музыкальное сопровождение, хоровое пение. Блестяще прошел конкурс танцев и театрализованного представления- «Алашординцев», «Курмангазы», «Оживленные герои музея», «Нашествие жунгаров», «Казбек би», «Колесо обозрения: от древности до современности», «Мы будущее Казахстана». Впечатлительным были постановки: «Курмангазы» и «Колесо обозрения: от древности до современности». Каждая из номинаций были удостоены награде. Кураторы групп, которые внесли большой вклад в подготовку участников получили дипломы.

The group leaders actively participated in the competition with their teams, and students shared their skills on the topic. The jury was awarded with a diploma of I,II,III degrees, and the winners and prize-winners were awarded with a diploma. The purpose of the President is -the great ideology of the nation. The head of state urges to follow the ancient Kazakh principle. I would never want Kazakhstani people to understand two basic principles. The first one is that there is no revival unless the national code is preserved in the national culture. The second is that we must give up on the past, which will prevent the development of the nation. To preserve the national identity, which is indicated by the Head of State, to change its characteristics and to develop the state and society in a revolutionary, evolutionary way. Also, the new era trials can only overcome a competitive country. From this point of view, the concrete tasks of the Head of the state in front of the state and society become the basis of radical reforms in the sphere of spirituality.